

Мемлекеттік орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 1286 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 ақпандағы № 105 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2016 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 қазандағы № 18-02/923 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 102-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану ережесі бекітілсін.

2 . М ы н а л а р д ы ң :

1) "Орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру (қалпына келтіру) мақсаттарында пайдалану тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 16 наурыздағы N 274 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 13, 130-құжат);

2) "Өсіп тұрған сүрек үшін төлемнің базалық ставкаларын, Орманды пайдаланғаны үшін төлемді есептеу және бюджетке енгізу ережесін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 сәуірдегі N 431 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 11, 110-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1286 қаулысымен
бекітілген

Мемлекеттік орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану ережесі

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Орман кодексіне сәйкес әзірленді, әрі жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі - орман пайдаланушылар) мемлекеттік орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалануы тәртібін регламенттейді.

Осы Ереженің күші ерекше қорғалатын орман аумақтарын қоспағанда, мемлекеттік орман қорына қолданылады.

2. Орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану орман ортасы жағдайында дем алу, емделу, спортпен шұғылдану арқылы адамдардың денсаулығын қалпына келтіру және нығайту, сондай-ақ бірегей орман ландшафтарын, табиғат, мәдени және тарихи мұра ескерткіштерін барып көруге және зерделеуге байланысты туризм үшін орманның пайдалы қасиеттерін пайдалануды көздейді.

3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттарда ормандағы жоғары өрт қауіптілігі кезеңдерінде, селекциялық-тұқым шаруашылығы жұмыстарын, жаңғақ кәсіпшілігі мен орман жемісі шаруашылығын жүргізу мүддесі үшін, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде шектеледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

4. Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында өздерінің мұқтаждықтары үшін жабайы өсетін жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер, дәрі-дәрмектік шикізат, өзге де орман ресурстарын жинауына облыстық атқарушы органның ұсынымы бойынша облыстық өкілеттік органның шешімімен бекітілген нормалар шегінде рұқсат етіледі.

5. Орман пайдаланушылар мемлекеттік орман қоры учаскелерін демалу, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық іс-шараларға қатысу мақсатында пайдаланған кезде мына талаптарды орындайды:

өрт қауіпсіздігі ережесін сақтайды, ағаштар мен бұталардың сынуына және кесілуіне, орман дақылдарының бүлінуіне, ормандардың ластануына, құмырсқа илеулерінің, құс ұяларының зақымдануына жол бермейді;

жабайы өсетін азықтық орман ресурстарын, дәрі-дәрмектік шикізатты оларды молықтыруға нұқсан келтірмейтін мерзімде және тәсілдермен жинайды, мемлекеттік орман қоры аумағында болудың және орман ресурстарын пайдаланудың Қазақстан Республикасының орман заңнамаларында белгіленген басқа да ережелерін сақтайды.

6. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық іс-шаралар жүргізу автотұрақтармен, спорт алаңдарымен, туристік маршруттармен және соқпақтармен, мемлекеттік орман иеленушінің рұқсатымен басқа да объектілермен жабдықталған арнайы бөлінген учаскелерде жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттарда пайдалану кезінде орман пайдаланушылар Қазақстан Республикасының Орман кодексінде белгіленген тәртіппен үй-жайлар, құрылыстар және басқа да объектілер (бұдан әрі - объектілер) сала алады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

8. Орман пайдаланушыларға мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі объектілерді олар орман өсіруді жоспарлау материалдарының құрамында бекітілген құрылыс салу жобаларына сәйкес орман пайдалану мерзімінде салады.

Объектілерді салу орындары міндетті түрде мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптама өткізіліп, уәкілетті органмен келісіледі.

9. Мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін берілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде объектілер орналастыру, жобалау, салу және пайдалануға беру кезінде орман пайдаланушылар ормандарды сарқынды сулардың, өнеркәсіп және коммуналдық-тұрмыстық тастандылардың, қалдықтар мен қоқыстардың теріс әсерінен қорғауды қамтамасыз ететін іс-шараларды көздеуі және жүзеге асыруы тиіс.

10. Мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін орман пайдаланушыларға берілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде олар салған объектілер пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін орман пайдаланушылардың есебінен құлатуға, алып кетуге жатады немесе белгіленген тәртіппен мемлекеттік орман иеленушінің теңгеріміне беріледі.

11. Мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттарды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты мен (немесе) орман билетінің ережелерін өзгертуге:

1) мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық іс-шараларды

белгіленген бағдарлама бойынша жүзеге асыру мүмкін болмайтын жағдайға душар еткен табиғи апаттардың салдарынан мемлекеттік орман қорының ж а й - к ү й і өз г е р г е н д е ;

2) егер бұрынғы пайдалану шарттары осы санаттардың мәртебесімен үйлеспесе, мемлекеттік орман қоры санатының өзгеруі, олардың ерекше қорғалатын орман аумақтарының құрамына енгізілуі нәтижесінде мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалануды жүзеге асырудың талаптары мен тәртібі өз г е р г е н д е ;

3) мемлекеттік орман қоры учаскесі мемлекеттік қажеттіліктер үшін ішінара иеліктен алынғанда жол беріледі.

12. Мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 39-41-баптарымен айқындалған тәртіппен және негіздемелер бойынша тоқтатыла тұрады, шектеледі немесе тоқтатылады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.